РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ – ЭТО СЕРДЦЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩЕЕ РОСТ И НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ СТРАН ЕАЭС. КОМПЛЕКСНЫЙ ПЛАН РАЗВИТИЯ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ ПОЗВОЛЯЕТ УСТРАНИТЬ «УЗКИЕ МЕСТА» И ПОВЫСИТЬ ИХ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ. СЕГОДНЯ ЧЕРЕЗ ЭТИ МАРШРУТЫ ПРОХОДИТ ОКОЛО 70% ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК, ЧТО ПОДЧЕРКИВАЕТ ИХ СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ.

Арзыбек КОЖОШЕВ,
министр по энергетике и инфраструктуре
Евразийской экономической комиссии (ЕЭК)




№82 (3121)
07/10/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ


## ТАЗА ҚАЗАҚСТАН: ҚТЖ ДАЛ СТАРТ ЭКОЧЕЛЛЕНДЖУ

**В Астане АО «НК «Қазақстан темір жолы» дало старт масштабной экологической акции по посадке деревьев в рамках национальной инициативы «Таза Қазақстан». В озеленении приняли участие председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов и руководство компании, подав личный пример и подчеркнув важность экологической ответственности.**

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана




У столичного вокзала «Нұрлы жол» железнодорожники высадили около 250 деревьев. Еще более 4 300 саженцев было посажено в районе перегона № 96 и в разных районах города. Посадка деревьев будет продолжена во всех регионах страны – на станциях, вдоль железнодорожных путей и вблизи жилых массивов.

Инициатива направлена на улучшение экологической ситуации, создание зеленых зон и формирование культуры бережного отношения к природе среди сотрудников компании и населения. ҚТЖ также передала эстафету экологического челленджа национальной компании «КазМунайГаз», призвав коллег поддержать инициативу и внести свой вклад в сохранение окружающей среды.

– Для нас важно не только обеспечивать надежные перевозки, но и вносить вклад в экологическое будущее страны. Железнодорожники традиционно были и остаются частью ответственного общества. Сегодня мы начинаем работу, плоды которой увидят будущие поколения, – отметил Талгат Алдыбергенов.

Кроме того, АО «НК «ҚТЖ» запустило на своем официальном сайте онлайн-счетчик, фиксирующий каждое посаженное дерево в рамках масштабной экологической инициативы «Таза Қазақстан». Уже в первый день акции на табло появилась внушительная цифра – 4 622 дерева, высаженных по городу Астане.

Экологическая акция ҚТЖ – это вклад в устойчивое будущее, чистый воздух и здоровую экологию для будущих поколений. Компания подтверждает свой вклад в экологическую устойчивость, превращая экологические инициативы в живую силу – каждое дерево на счетчике становится символом ответственности, преемственности и заботы о будущем страны. Акция продолжается.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

### СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ВАЖНОСТЬ РАЗВИТИЯ

**В Астане состоялась встреча между руководством АО «НК «Қазақстан темір жолы» и представителями американской компании Dynamic Aviation – одного из лидеров в области специализированных воздушных перевозок.**



Стороны рассмотрели возможности сотрудничества в рамках проекта по созданию национального грузового авиаперевозчика. Опыт Dynamic Aviation, работающей на рынке с 1997 года, может быть использован при формировании операционной модели будущей компании, а также при внедрении современных стандартов технического обслуживания. Это позволит обеспечить надежность и высокое качество сервиса.

Dynamic Aviation специализируется на эксплуатации, модификации и обслуживании самолетов под конкретные задачи заказчика, обладая уникальной экспертизой в реализации специализированных решений. Такой комплексный подход делает ее ценным потенциальным партнером ҚТЖ.

Участники встречи подчеркнули стратегическую важность развития авиационной составляющей в транспортной системе Казахстана. В условиях роста мультимодальных перевозок и спроса на высокоскоростную доставку грузов это направление станет дополнительным фактором укрепления транзитного потенциала страны и повышения ее роли как ключевого звена на Шелковом пути.

*Алуа ТЛЕУБАЙ*



Ядыкар ИБРАГИМОВ,
Ұлттық майлы дақылдарды қайта өндеушілер қауымдастығының төрағасы:

«КЕШЕ ҒАНА ҚТЖ-НЫҢ «ДОСТЫҚ-МОЙЫНТЫ» МЕГАЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. ЕНДІ ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕР ҚЫТАЙ БАҒЫТЫНДА МАЙ ӨНІМДЕРІН ЖЕТКІЗУДІ ЕКІ ЕСЕГЕ АРТТЫРА АЛАДЫ. БҰЛ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДАҒЫ ЖОСПАР, АЛ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДА – ҮШ ЕСЕ, ТІПТІ ОДАН ДА КӨП БОЛМАҚ. МЕН ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚТЖ ЖАСАП ЖАТҚАН ҚОЛДАУДЫ ЕРЕКШЕ АТАП ӨТКІМ КЕЛЕДІ. БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫҢ АРҚАСЫНДА ҚЫТАЙЛЫҚ САТЫП АЛУШЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕТКІЗУШІГЕ, ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІНІҢ ШАПШАҢДЫҒЫНА СЕНІМДІ. БҰЛ – ОСЫ ЖОБАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА ПОСЛЕДНИЕ ДЕСЯТЬ ЛЕТ В ТРАНСПОРТНУЮ ИНФРАСТРУКТУРУ КАЗАХСТАНА ИНВЕСТИРОВАНО ОКОЛО

**35 млрд**

ДОЛЛАРОВ.

ПО ИТОГАМ 9 МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА ПО СЕТИ ҚТЖ ПЕРЕВЕЗЕНО

**9,6 млн тонн**

ЗЕРНА.

ДО КОНЦА 2025 ГОДА БУДЕТ ВВЕДЕНО БОЛЕЕ

**50**

НОВЫХ МОДУЛЬНЫХ ЗДАНИЙ ДЛЯ ОТДЕЛЕНИЙ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ.

Ынтымақтастық

## КЕЛІССӨЗДЕР КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ ТҮСТІ

**Астанада «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен AD Ports Group (ADPG) компаниялары өкілдерінің кездесуі өтті. Тараптар көлік логистикасы саласындағы ағымдық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың одан арғы бағыттарын талқылады.**

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Кездесу барысында мультимодальды тасымалдауды дамыту мәселелері мен Карачи портындағы ынтымақтастық мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды. AD Ports Group шығыс айлағында ұзақ мерзімді концессияға ие бола отырып, заманауи терминалдарды басқарады. Бұл бағыт маршруттарды әртараптандырудың және халықаралық жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттырудың негізгі буыны ретінде қарастырылуда.

Сонымен қатар кездесу барысында Қазақстан Шығыс – Батыс және Солтүстік – Оңтүстік халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында стратегиялық жағдайға ие екендігі атап өтілді. ҚТЖ және AD Ports Group бірлескен бастамалары елдің транзиттік әлеуетін нығайтуға, маршруттар географиясын кеңейтуге және тұрақты жеткізу тізбегін дамытуға бағытталып отыр.

Еске сала кетсек, AD Ports Group – Біріккен Араб Әмірліктерінің жетекші порттық және логистикалық компаниясы. Ол әлем бойынша 25 астам порттар мен терминалдарды басқарады, сондай-ақ Азия, Таяу Шығыс пен Еуропа арасындағы сауда мен көлік байланыстарын дамыту жобаларын жүзеге асырады.



Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің қатысуымен тұрақты көлік дәліздерін қалыптастыруда ынтымақтастықты дамыту ниетін растады.

*Фото Абзала КАЛИЕВА*

## СОЮЗ ПРОФЕССИОНАЛОВ

**В Алматы состоялся VI Евразийский форум по безопасности и цифровизации на транспорте. Мероприятие собрало 270 участников из Казахстана, стран ближнего и дальнего зарубежья.**

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

С приветственным словом выступил заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Мурат Торегельдин, подчеркнув стратегическую роль Казахстана в Евразийском транспортном коридоре. По его словам, компания делает ставку на развитие инфраструктуры, обновление подвижного состава, цифровизацию и повышение безопасности перевозок.

Сейчас реализуются масштабные проекты строительства новых железнодорожных линий: Дарбаза – Мактаарал, Бахты – Аягоз, обход Алматы и участок Мойынты – Кызылжар. В ближайшие два года планируется построить около 1 700 километров дорог. Эти инициативы усиливают транзитный потенциал страны и стимулируют развитие отечественной промышленности.



Сегодня в Казахстане действуют девять заводов, выпускающих рельсы, шпалы и стрелочные переводы по международным стандартам, полностью обеспечивая потребности строительно-ремонтных работ.

В рамках программы обновления парка к 2029 году планируется поставка 382 локомотивов и 4 164 вагонов, включая новые модели на альтернативных источниках энергии. Мурат Торегельдин отметил необходимость внедрения инноваций для повышения надежности и эффективности инфраструктуры.

Участников форума поприветствовал депутат Сената Парламента РК Геннадий Шиповских. На форуме также выступили гости из России, Грузии, Кыргызстана, Узбекистана и Таджикистана. Зарубежные эксперты поделились опытом внедрения цифровых технологий в транспортной сфере, рассказали о реализуемых проектах и современных решениях в области безопасности. Особое внимание было уделено технологиям дистанционной диагностики, сквозного мониторинга, компьютерного моделирования и внедрения беспилотных систем.

Директор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакенов сообщил, что совместно с Huawei и Wabtec компания внедряет систему Kinetix для автоматизированного контроля подвижного состава. Только за девять месяцев этого года количество нарушений безопасности сократилось на 5%, а целевой показатель – на 19%.

Эксперты также обсудили перспективы цифровизации, внедрение технологий дистанционной диагностики, мониторинга и беспилотных систем. Отдельное внимание уделялось вопросам кибербезопасности. Подчеркнута важность сотрудничества стран региона для формирования единого безопасного и технологического транспортного пространства.

Завершилось мероприятие подписанием меморандума о сотрудничестве АЛТ Университета им. М. Тынышпаева с отечественными и зарубежными компаниями, а также награждением партнеров ҚТЖ памятной медалью «Достык».

*Фото автора*

### ЖЕМІСТІ ЖОБА ЖАЛҒАСАДЫ

**«Жолаушы тасымалы» АҚ үшін цифрландырудың негізгі бағыттарының бірі жол үстінде пойыздарда жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету болып отыр.**

Айталық, биылғы жылдың басынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ OneWeb төмен орбиталық спутниктік желісінің ресми дистрибьюторымен бірлесіп, Қазақстанда Астана – Алматы және Астана – Өскемен қатынасындағы жолаушылар пойыздарында интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша пилоттық жобаны іске қосты. Сондай-ақ ағымдағы жылдың тамыз айында Астана – Бурабай электр пойызында Starlink технологиясы негізінде интернет пилоттық режимде іске қосылды.

Пилоттық жобаның алдын ала қорытындылары жолаушылар пойыздарында спутниктік Интернет технологиясын қолданудың жоғары тиімділігін және жолаушылар тарапынан үлкен сұранысты көрсетті. Жүргізілген сауалнамаларға сәйкес, жолаушылардың 87%-ы интернеттің сапасына риза болып, қызмет олардың күткен талабынан шыққанын растаған. 150 Мбит/с дейінгі жоғары жылдамдықты интернет жолаушыларға пойыздың барлық жолында байланыста болу мүмкіндігін беріп отыр. Атап айтқанда, пойыздың онлайн мониторингі сервистері, жол үстінде қолма-қол ақшасыз, яғни ұялы телефон арқылы төлеу және ойын-сауық контентін шектеусіз таңдау мүмкіндігі қолжетімді. Алдағы жылы жобаны негізгі бағыттарға көбейту жоспарлануда.

*Сұлугүл БАКЕСОВА*

## ТЕМІРЖОЛШЫЛАР – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

**Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының қызметкерлері сенбілік өткізіп, Астана – №96 разъезд аралығына 509 түп ағаш көшетін отырғызды.**



Іс-шараға дирекцияның орталық аппараты мен құрылымдық мекемелерінің қызметкерлері мен олардың балалары да қатысты. Ұжымның ауызбіршілігі мен экологиялық құндылықтарға бейілділігін танытқан акция аясында ауқымды жұмыс атқарылды.

– Ақмола магистральдық жол бөлімшесі бойынша барлығы 10 723 көшет сатып алынды, 28 құрылымдық мекеменің теміржолшылары жұмылдырылды, барлығы 5253 адам қатысты. Алдын ала белгіленген орындарға ағаштар егілді. Бұл акцияның маңызы экологиялық мәселелер бойынша өте өзекті. Алдағы уақытта да біздің бөлімше қызметкерлері «Таза Қазақстан» акциясын қолдап, қоршаған ортаға деген қамқорлығын көрсетуге дайын, – дейді Ақмола магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Рашид Есенбекұлы.

Акция аумақтарды көгалдандыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға және табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

– ПЧ-17 құрамына кіретін 15 станцияда, табельдік және модульдік ғимараттардың, Астана бойынша әкімшілік ғимарат ауласында жүргізілді. Дистанциядан барлығы 500 теміржолшы қатысты. Бұл акцияның бірінші кезекте әрине экологиялық маңызы бар, елорданың өсуіне байланысты көліктің және зауыттардың, жылу беретін ЖЭО-ның көбеюі де байқалуда. Соған байланысты тал-дарақ, ағаштарды көбейту ауаның тазаруына үлкен көмек болмақ, – дейді Астана жол дистанциясының бас инженері Төленді Шапшекеев.

Филиал директоры Сәкен Рахметов «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновтен экологиялық челленджді қабылдап, сенбілік аяқталған соң оны келесі бөлімше – Қостанай магистральдық желі бөлімшесіне жолдады. Осылайша «Таза Қазақстан» акциясы филиалдың барлық бөлімшелерінде жалғасады.

*Суретті түсірген автор*

## АҚСУ ВОКЗАЛЫ ЖАҢАРТЫЛУДА

**Ұлан ОРАЗ,**
Павлодар

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Павлодарға қарасты Ақсу станциясының вокзалында жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.**

Жоба облыстық бюджет есебінен іске асырылуда. Жаңарған вокзал жыл соңында жолаушылар игілігіне тапсырылуы керек. Өңірлік жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары басқармасының дерегінше, барлық жұмыстар ҚТЖ-мен келісе отырып жүргізілуде. Мұнда перрон алаңын абаттандыру, платформаны жаңғырту, халықтың қозғалысы шектеулі топтары үшін вокзалды бейімдеу, бөлмелердің ішкі әрлеу жұмыстары қарастырылған. Сондай-ақ ғимараттың сыртын қаптап, бұрынғыдан жылы ету көзделген.

– Ақсу қаласының вокзалы 1982 жылы бір қабатты етіп салынған. Содан бері күрделі жөндеу көрмеген. Қазіргі уақытта мұнда реконструкция және жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жұмыстардың шамамен 20%-ы аяқталды. Алдағы уақытта Қалқаман, Шідерті, Бозшакөл және Қарасор елді мекендеріндегі шағын вокзалдарды да жаңарту көзделіп отыр, – дейді Өңірлік жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары басқармасының басшысы Қанат Қашкиров.

## ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты өрт сөндіру пойызының 2025-2026 жылдарға арналған қысқы дайындығы тексерілді.**

Өрт сөндіру пойызының бас инженері Темірбек Елғонды бүкіл процесті бастан-аяқ өз бақылауына алды. Өрт сөндіру пойызының агрегаттары мен мотопомпалардың жұмысы жіті тексеріліп, техникалық жағдайы бағаланды. Пойыздың жылу жүйесі, төтенше жағдайға дайындығы және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі оң бағаланды. Өрт сөндіру пойызы 54,860 тонна отынмен қамтамасыз етілген, жеке құрам арнайы киіммен 100 пайыз жабдықталған.

Мамандардың айтуынша, қыстың алдында жүргізілетін тексеріс – қауіпсіздіктің басты кепілі. Қыста ауа райының күрт өзгеруі мен қатты аяздың алдын алу үшін барлық салада дайындық шаралары жалғасуда.

# СЕКСЕУІЛДЕН БЕЛКӨЛГЕ ДЕЙІН...

КҮЗГІ БАЙҚАУ

**Қызылордада күзгі комиссиялық тексеру биыл өңірдің солтүстігіндегі Сексеуіл – Қоскөл телімінде басталып, Сексеуіл – Қызылорда аралығында жүргізілді. Одан әрі Шорнақ – Шиелі – Белкөл станциялары арасында жалғасып, аймақ теміржолының барлық қыры жіті бақылаудан өтті.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда





Күзгі комиссиялық байқау – бүкіл шаруашылықтың, әрбір құрылғының, вагон мен локомотивтің, ғимараттар мен имараттардың, жалпы салалық нысандардың барлығын түгел сын тезінен өткізіп, әрбір бұйрық-нұсқаулықтың орындалу деңгейін таразылайтын үлкен сынақ. Қағаз бетіндегі құжаттан бастап жол бойындағы жасанды құрылыстар мен өндірістік нысандардың жағдайына дейін назарға алынады.

Қызылордалық комиссиялық топтың құрамында Жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев, бас инженер Күлхан Белкібаев, кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебеков, Қызылорда аймақтық қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары аппаратының өкілдерін бастап келген Алмат Молдашев, сондай-ақ «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов және салаға қарасты мекеме, бөлім басшылары болды.

Байқау барысында шаруашылық-техникалық ахуал емес, сонымен бірге жеке құрамның әлеуметтік жағдайы, алдағы қысқы маусымға дайындық мәселелері де назардан тыс қалмайды. Өйткені теміржолшылардың еңбекке деген ынтасы мен тұрмыс жағдайы да қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей ықпал ететіні анық.

Шорнақ пен Шиелі станциялары аралығында жүргізілген комиссиялық тексеріс барысында Қызылорда аймақтық қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары аппаратының өкілдері тарапынан 21 түрлі шектеу жасалды. Ревизор Әмірхан Жүсіпбековтің айтуынша, Шорнақ бекетінде анықталған басты олқылық – жай ғана техникалық ақау емес, пойыздар қозғалысына тікелей қауіп төндіретін фактор. Сол себепті ол жерде пойыздардың жылдамдығына шектеу қойылды. «Біз үшін ең бастысы – қозғалыс қауіпсіздігі. Бір рельстің ақауы бүтін пойыздың тағдырына әсер етуі мүмкін. Бір күн ішінде тексеру жүргізілген Шорнақ – Шиелі станциялары арасындағы телімдерде пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 21 түрлі шектеу енгізілді. Оның ішінде бір теміржолшының талоны тәркіленіп, төрт жерде ауыстырып-қосқыш жабылды, екі жерде жолдағы жылдамдық шектелді», – дейді ревизор.

Ал Шиеліде жүргізілген тексеріс кезінде телім бойында жаңадан жаңғыртылып пайдалануға беріліп жатқан нысандар басты назарға ілікті. Мысалы Бәйгеқұм станциясында жол жөндеушілер үшін жаңартылып, жаңғыртылған жолшылар қосыны комиссия тарапынан жоғары баға алды. Желі бойында жүретін жолшылар үшін барлық жағдай жасалған, жол жөндеушілердің құрал-саймандарын сақтайтын орын да қарастырылған.

*Суреттерді түсірген автор*

## Тасымал

# КӨМІРГЕ СҰРАНЫС КҮРТ АРТТЫ

**Биыл оңтүстік өңір – Жамбыл жеріне алғашқы қар ерте түсті. Қазан айы басталмай жатып, ауа райы күрт құбылып, күн желкем тартып тұр. Осыған байланысты өңірдегі әлеуметтік нысандарға екі апта бұрын жылу беріле бастады.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Қысқы маусымда өңірде 9 жылу энергетика кешені мен 593 автономды қазандық штаттық режимде іске қосылып, 1737 әлеуметтік маңызы бар нысан мен 1700-ге жуық көпқабатты тұрғын үйді жылумен қамтамасыз етеді. 15 қазанға дейін Тараз қаласы толықтай жылу беру маусымына көшеді.

Өткен маусымда автономды қазандықтар 61,3 мың тонна, өңір тұрғындары 144,8 мың тонна көмір тұтынған болатын. Мамандар жылу беру кезеңінде қатты отын тапшылығы орын алмағандықтан, жасалған болжам бойынша биылғы тұтынатын көмірдің көлемі осыған шамалас болатынын айтады. Әзірге жылу өндіру және тасымалдаумен айналысатын кәсіпорындар мен қатты отынды тасымалдап-сатушылардың тапсырысы былтырғыдай көлемде сақталып отыр.

Қалай десек те, қатты отынға сұраныс кеміген жоқ. 1 қазанға дейін бөлімшеге қарасты 9 станцияға 840 вагон, 59 мың тоннаға жуық көмір тасымалдаған.

– 30 қыркүйекке дейін Шу станциясына Қызылжар, Дегелең, Қияқтыдан 259 вагон, 17 796 тонна көмір жеткізілді. Қатты отынды тасымалдап-сатумен айналысатын жеке кәсіпкерлік нысандардан бөлек ТЧЭ-30, ПЧ-50, сонымен қатар ПЧМ, ВП-36 құрылымдық мекемелеріне 5 вагон, 345 тонна тапсырыс бар. Таразға Қызылжардан жөнелтілген 14 вагон, 937 тонна көмірдің 4 вагон, 276 тоннасы ВЧД-27 Жамбыл вагон пайдалану деposына, 1 вагон, 69 тоннасы Жамбыл ЖТ бөлімшесіне келіп жетті. Филиалдың тапсырысымен Маймақ станциясына тағы 1 вагон, 69 тонна, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне



қарасты ПЧ-52 жол дистанциясына – 2 вагон, 138 тонна, ЭЧ -21 – 3 вагон, 138 тонна қатты отын тасымалданды. Жалпы қазір Маймақта 61 вагон, 4154 тонна көмір бар, – дейді Жамбыл ЖТ бөлімшесі логистика бөлімінің бастығы Әнуар Үркімбаев.

Биылғы тапсырыстар бойынша қатты отынның басым бөлігі Қызылжар, Қиякты, Дегеленнен тасымалдануда. Тек Мыңарал станциясына ғана Қарабас пен Екібастұздан 273 вагон, 19 110 тонна көмір жеткізіліпті. Қалған Жаңатас, Бурыл, Сарышаған, Түрксіб, Бірлік станцияларына жөнелтуші тарап – осы аталғандар.

Негізінен Тараз қаласында жылу өндіру және тасымалдаумен айналысатын бес кәсіпорын жұмыс істейді. Жылу маусымында олар 1780 нысанды жылумен қамтамасыз етеді. Ал өңірде көмір сатумен айналысатын 30-дан астам нарық субъектісі бар. Мәліметке сүйенсек, бүгінге дейін Тараз станциясына жеткізілген 9 вагон, 592 тонна көмірдің тапсырыс берушілері – «Авангард Ко» ЖШС мен Иманалиев жеке кәсіпкерлік нысаны.

Бөлімше басшылары көмір тасымалы әлі де жалғасатынын жеткізді. Ал ел арасындағы есепшілер биыл қыс ерте келіп, қаһарына мінеді деген болжам айтуда. Сондықтан ауа райына қарай көмірге сұраныс артуы да мүмкін.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ВАГОН АЙНАЛЫМЫНДА ІРКІЛІС ЖОҚ

**Шығыстағы Семей бөлімшесінің теміржолшылары жергілікті вагон айналымын толық көлемде реттеп, қамтып отыр. Нәтижесінде ішкі жүк тасымалы да кедергісіз жүргізілуде.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



Күз – бөлімше үшін маусымдық тұрғыдан аса жоғары жауапкершілік кезеңі. Әсіресе вагон шаруашылығы бойынша жұмыс барысын ширатып, өндірістік процестің үзіліссіз жүргізілуі үшін жіті қызмет көрсетуді міндеттейді. Себебі күрт қарқын алатын шығыстағы астық пен қатты отынның уақытылы тиелуі элеваторлар мен өнеркәсіптік нысандардың, кәсіпорындардың жұмысына, тіпті аймақ экономикасына тікелей әсер етеді.

Осы орайда бүгінде вагондарды әзірлеу жүк алушы клиенттердің өтінімдеріне сәйкес толық көлемде орындалуда. Мәселен, өткен қыркүйек айында «Қаражыра» АҚ 11 451 вагонға тапсырыс берген болатын. Яғни қажеттілік тәулігіне 382 вагонды құрады. Өтінімдер толық орындалды. Оның 337-сі «Қазтеміртранс» АҚ жылжымалы құрамымен толықтырылды. Алайда алғашқы апталарда небары 1 088 вагон ғана тиеліпті. Яғни тәуліктік өтінімдер 140–210 вагонға дейін қысқарған. Оған себеп, өңірдегі «Шығыс жылу» ЖШС тәрізді кейбір мекемелердің вагондарды қабылдап алудағы салғырттығы болып отыр.

Соған қарамастан теміржолшылар қажетті бос вагондар паркін толық көлемде қамтамасыз етуде. Атап айтсақ, бөлімшедегі вагон айналымы бекітілген нормаға қарағанда екі есеге жуық жоғары көлемде орындалды. Жоспарланған тәуліктік норма 18,63 сағат болса, нақтысы 35,35 сағатқа жеткізілді.

Жалпы, «Аз вагон паркімен – көп тасымал» әдістемесі әлі де күшінде тұр. Яғни арнайы ұйымдастырылған маршруттар бойынша жүк жіберу әдісі қазіргі күндері де оң нәтижелер беруде. Ішкі тасымал бойынша жүк тиелген вагондарды өңдеу уақытын азайта отырып, бөгелтпей жөнелту жұмыстарын жүргізу тасымал көлемін арттыруда жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Қазіргі таңда Семей вагон пайдалану депосы үшін, вагон айналымын реттеуде коммуналдық-тұрмыстық көмір бойынша тиеу жоспарын орындау маңызды орын алады. Бұл орайда өткен мамыр-тамыз айларына жалпы көлемі 413,2 мың тонна болатын 5 989 вагон жолға шығарылыпты. Оның ішінде Абай облысы бойынша жоспарды көлемінен асыра орындау нәтижесі бар. Яғни көзделген жұмыс барысы 125 пайызды қамтып отыр. Әзірге тек бөлімшенің Шығыс Қазақстан облысы бойынша ғана жұмыстарды ширату қажет.

Семей жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты ВЧД-23 бастығы Ерзат Хасеновтың айтуынша, теміржолшылар өз тарапынан қатты отын тасымалын кедергісіз өткізіп жатыр. Атап айтсақ, бос вагондар паркі толық көлемде берілуде. Сондай-ақ босаған вагондарды жинап алуда іркіліс жоқ. Сол тәрізді осы кезеңге дейін жергілікті тапсырыс берушілер тарапынан ешқандай шағым тіркелмепті.

Тоқтала кетсек, Семейдегі ВЧД-23 мекемесі биыл Астанада теміржолшылар мерекесіне орай Астанада өткен салтанатты жиын барысында еліміз бойынша «Үздік вагон депосы» атағын иемденген болатын.

*Суретті түсірген автор*

№82 (3121) 07/10/2025

# ТРАНСФОРМАЦИЯ КОМПЕТЕНЦИЙ В ЛОГИСТИКЕ

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

**В транспортно-логистической отрасли происходят масштабные изменения под влиянием цифровизации, автоматизации и глобальных трендов. Эти процессы формируют новые профессии – от архитекторов интеллектуальных логистических цепочек до специалистов по управлению роботизированными системами.**

**Руслан РАХМЕТОВ,** Астана

Мир стремительно меняется: по данным исследований, если раньше жизненный цикл компании составлял около 75 лет, то сегодня – не более 15-20. Выживают лишь 10% компаний, способных перестроить процессы на стадии зрелости. Одним из главных факторов становятся глобальные вызовы – геополитическая нестабильность, цифровизация, рост конкуренции.

Железнодорожная отрасль Казахстана также переживает серьезные трансформации. За последние пять лет транзитные перевозки выросли на 35%, контейнерные – в пять раз. АО «НК «ҚТЖ» реализует структурные преобразования: региональные филиалы ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» вошли в состав АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» (ЦЖС). Таким образом, численность ЦЖС выросла с 42 до 57 тысяч человек, создан новый филиал – Дирекция перевозочного процесса, куда вошли вагонные депо и диспетчерские центры.

Старший HR-бизнес-партнер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Асель Актау подчеркнула, что компания делает ставку на системное наставничество и взаимодействие с учебными заведениями.

– Мы понимаем: наставник не должен обучать разрозненным темам. Нужна четкая программа и методичка по каждой профессии. Только так можно выстроить единый подход и реально оценивать результат. Сегодня у нас 23 меморандума с вузами и колледжами, и мы вовлекаем студентов в практику. Для нас важно, чтобы молодежь сразу осваивала современные инструменты и цифровые навыки, – отметила в своем выступлении она.




Также Асель Актау отметила, что в условиях цифровизации новые компетенции логиста включают не только знание правил перевозок и нормативной базы, но и владение современными цифровыми системами – SAP, ERP, системами управления двором и мультимодальными перевозками, а также работу с big data, аналитикой и искусственным интеллектом.

Сегодня АО «НК «ҚТЖ» прогнозирует появление целого ряда новых профессий: архитектор интеллектуальных логистических цепочек, менеджер по роботизированным системам и беспилотным технологиям, специалист по оптимизации мультимодальных перевозок, HR-специалист с цифровыми компетенциями.

Цифровизация активно внедряется уже сегодня: формируется цифровой двойник магистральной сети, используются системы предиктивной аналитики для прогнозирования объемов перевозок и выявления узких мест, разрабатываются инструменты по оптимизации работы локомотивного хозяйства, планируется применение дронов и роботов для мониторинга и помощи ремонтным бригадам. Даже планирование численности персонала в ҚТЖ будет выстраиваться с учетом цифровых систем и искусственного интеллекта.

Отдельное внимание уделяется вопросу привлекательности профессий. Как отметила Асель Актау, студенты все чаще выбирают временные подработки в IT или сервисе, где зарплаты кажутся выше. Для изменения ситуации ҚТЖ ведет системную работу: с 2021 года заработные платы работников отрасли выросли в 2,7 раза, особый акцент сделан на производственные профессии, реализуется программа «Год рабочих профессий», в Министерство образования направлено предложение закрепить государственные гранты именно за железнодорожными направлениями подготовки, работа с вузами и колледжами строится на интеграции учебных программ с запросами отрасли.

Опыт ҚТЖ показывает: компания не только адаптируется к вызовам времени, но и формирует собственную модель кадрового будущего. Наставничество, цифровизация, рост заработных плат, взаимодействие с вузами и внедрение новых профессий становятся частью комплексной стратегии. В условиях глобальной конкуренции именно профессионализм сотрудников и гибкость компетенций позволят национальному перевозчику сохранить лидирующие позиции и вывести транспортно-логистическую систему Казахстана на новый уровень.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# НА СТРАЖЕ БЕЗОПАСНОСТИ

ВЖДО

**Костанайский филиал ВЖДО усиливает меры безопасности и улучшает условия для сотрудников.**

**Аслан КУДАБАЕВ,** Костанай

Директор Костанайского филиала ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» Канат Отепов сообщил, что в ходе охраны и транспортировки грузов налажено полное взаимодействие с железнодорожниками для успешной реализации госпрограммы развития АПК.

В преддверии зимы сотрудники Костанайского филиала полностью обеспечены специальным зимним форменным обмундированием. Кроме того, на станциях Тобол и Кушмурун построены новые здания для размещения личного состава. Они возведены по современным стандартам и отвечают всем требованиям для комфортного пребывания работников. В них оборудованы караульные помещения, комнаты для чистки и хранения оружия, учебные классы, комнаты отдыха, душевые, медпункты и другие необходимые пространства для продуктивной службы и полноценного отдыха. На местах дислокации команд уже запущено отопление, что стало еще одним подтверждением постоянного внимания руководства общества к улучшению материально-технических и социальных условий сотрудников. Все это направлено на повышение качества предоставляемых охранных услуг.

